

УДК 336.7

**БАНКТЕР ҚЫЗМЕТІН ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ҚАДАҒАЛАУДЫҢ МӘНІ**

Бузаубаева Перизат Несипбаевна

pika_b@mail.ru

«Қаржы және бизнес» мамандығының 1 курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр – Сұлтан қ.
Ғылыми жетекші - э.ғ.д., профессор С.Б. Макыш

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдуында банктердің орнықтылығы ел экономикасы үшін маңызды екенін атап өткеніндей, қазіргі таңда ЕДБ-дің қызметін жүйелік тәуекелдерден алдын алу үшін уәкілетті орган тарапынан тәуекелге бағытталған реттеу және қадағалау өзекті болып отыр [1]. Банктер қаржы жүйесінің негізі бола отырып, ұлттық экономикада негізгі орындардың біріне ие. Келесі кезекте банк секторының Қазақстан экономикасындағы рөлін

сипаттайтын көрсеткіштер динамикасын төмендегі кестеде сипатталған.

Кесте 1. 2010-2019 жылдары банк секторының Қазақстан Республикасының экономикасындағы рөлін

Көрсеткіштер атауы	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
ЖІӨ млрд.теңге	19 303 .6	26 310 .2	31 4 42.7	34 291	38 62 4.4	41 3 08.0	44 3 54.0	48 391 .8	58 2 42.9	65 2 39.3
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	61.9	48.4	43.6	44.1	46.8	54.8	57.9	49.9	42.7	40.0
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	46.5	38.9	36.5	38.7	37.2	36.4	35.4	28.2	23.1	21.6
Клиенттер салымдарының ЖІӨ-ге қатынасы, %	35.2	29.4	27.0	28.2	29.4	36.2	39.5	34.6	29.1	26.7

Банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі 2009-2010 жылдар аралағында 72,3%-дан 61,9%-ға дейін ауытқып, 10,4%-ға төмендегені байқалуда. 2011-2016 жылдар аралығында банк секторы активтерінің ЖІӨ-дегі үлесі 48,4%-дан 57,9%-ға дейін қайта өсіп, 2017-2019 жылдар аралығында 49,9%-дан 40%-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар клиенттер салымдарының ЖІӨ-дегі үлесі 2009-2014 жылдары аралығында 36,9%-дан 29,4%-ға дейін төмендесе, 2015-2016 жылдары қайта 36,2%-дан 39,5%-ға дейін өсіп, 2017-2019 жылдар аралығында 34,6%-дан 26,7%-ға дейін ауытқып, бәсеңдегені байқалуда. Келесіде ҚР-ның банк секторының құрылымын төмендегі суреттен байқауға болады.

Кесте 2. 2017-2019 жж. Қазақстан Республикасы банк секторы

Атауы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
Екінші деңгейлі банктер саны	32	28	27
жарғылық капиталда мемлекеттің 100% қатысуы бар банктер	1	1	1
шетелдік қатысуы бар екінші деңгейлі банктер	13	14	14
екінші деңгейдегі еншілес банктер	11	12	12

Қазақстан Республикасының банк секторында екінші деңгейлі банктердің саны 2017 жылы 32-ні құраса, 2018 жылы 28-ге, 2019 жылы 27-ге дейін қысқарды. Банк секторындағы ЕДБ-дің 2017-2019 жылдар аралығында 5 банкке қысқаруы себебі: 4 банктің уәкілетті орган тарапынан қойылған талаптарды орындамауымен және 1 банк ерікті түрде өз лицензиясын қайтаруымен байланысты. Сондай –ақ, шетелдік қатысуы бар екінші деңгейлі банктер 2017 жылы 13-ті құраса, 2018-2019 жылдары аралығында өзгеріссіз 14-ті құрады және еншілес банктер саны 2017 жылы 11-ды құраса, 2018-2019 жылы 12-ні құрады [2].

Екінші деңгейлі банктердің (келесіде -ЕДБ) қаржылық тұрақтылығын қолдау, жүйелі дағдарыстарды алдын алу, банк секторының тұрақтылығы мемлекеттің қаржы секторын реттеудегі саясатының маңызды міндеттерінің бірі болып есептеледі. Кез келген мемлекет үшін банк саласындағы мәселенің туындауы тұтастай экономиканы тұрақсыздандырып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік шиеленістің өсуіне, банктердің қаржылық жағдайларының нашарлауына, ақша-несие саясатының және экономиканы макроэкономикалық тұрғыдан реттеу тетігін төмендетеді.

Мемлекет бұл процестердің тиімділігі төмен болған кезде экономиканы реттеу арқылы нарықтық үрдістерге араласады. Жалпы банктер қаржы нарығының қатысушысы ретінде және қаржы –қаражаттармен жұмыс жасайтын акционерлік қоғам ретінде міндетті түрде

аудиторлық тексерулерден өтіп отыруы қажет және банктер уәкілетті ұйым тарапынан банктік реттеу, қадағалауға жатады.

Банк қызметін реттеу жүйесіндегі негізгі анықтамалар банктік қадағалау, банктік бақылау және банктік реттеу болып табылады. Банктік бақылау нақты банкті қызметінің заңдылығын және орындылығын тексеру арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте банктік бақылау оның банк операцияларының сипаты мен ауқымына сәйкестігі тұрғысынан банктік қадағалаудың мәні болып табылады.

Қадағалауды ұйымдастыру ұлттық заңнамалық базаға және халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына негізделеді. Қадағалау банктердің барлық жиынтығына жүзеге асырылады, өйткені олардың заңдар мен нормативтік актілерді сақтамауы ішкі басқару жүйелері сапасының төмендеуі тұтастай банк жүйесінің тұрақтылығына кері әсер етуі мүмкін.

Тәуекелді бағалауға негізделген қадағалауға бұл банктік қадағалау органы тәуекелге байланысты жоғары қауіп тудыратын салаларды анықтау үшін нақты банк қызметінің түрлі салаларын және менеджменттің, ішкі бақылау жүйелерінің тиісті сапасын бағалайды. Банктер қызметінің осындай салалары үшін қарқынды қадағалау тән болып есептеледі.

Еліміздегі банктік реттеу мен банктік қадағалаудың басты мақсаттары:

- банк жүйесінің тұрақтылығын қолдау;
- салымшылар мен кредиторлардың мүдделерін қорғау.

Тәуекелге бағытталған банктік қадағалау - бұл қадағалау процесінің барлық дерлік компоненттеріне әсер ететін банктік қадағалау құралдарын қолданудың арнайы әдісі, тар мағынада, бұл банктердің бақылауына араласудың қарқынды дәрежесі мен сипатын анықтайтын, банктер қызметіндегі жоғарылаған тәуекелдің бағыттарын анықтаудың кешенді әдістемесі.

Тәуекелге-бағытталған тәсіл қадағалау процесін ұйымдастырудағы басымдықтарды анықтауға, қадағалау ресурстарын неғұрлым жоғары тәуекелдері бар банктердегі ахуалды талдауға жіберуге, банктердің қызметін тексеруді тиімді жоспарлауды жүзеге асыруға және қашықтықтан қадағалау мен инспекцияның іс-қимылдарын неғұрлым тығыз үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен, банк саласындағы тәуекелдерді барынша төмендету және қаржылық жағдайды жақсарту бойынша уәкілетті ұйым тарапынан 2017-2019 жылдар аралығындағы жүргізілен қадағалап ден қою шараларының нәтижесі төменде сипатталған.

Кесте 3. Банктердегі тәуекелдерді барынша азайту және қаржылық жағдайды жақсарту шаралары бойынша уәкілетті ұйымның реттеу іс-әрекетінің нәтижесі

Ұйым атауы	Шешім қабылдау /істің күні	Жаза түрі	Бұзушылық мәні	Орындау мерзімі
"Еуразиялық банк" АҚ	15.11.2019	Қадағалап ден қою шаралары	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» N 2444 Заңның 46-бабына сәйкес жазбаша нұсқама қолданылды	29.11.2019
"ҚАЗАҚСТАН-ЗИРААТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	23.10.2019	Қадағалап ден қою шаралары	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» N 2444 Заңның 46-бабына сәйкес жазбаша нұсқама қолданылды	08.11.2019
"AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)" АҚ (бұрынғы атауы-ББ "Лариба-Банк" АҚ)	19.08.2019	Қадағалап ден қою шаралары	Банктер туралы Заңының 11-2-бабының талаптарының бұзылуы және №61 қағида талаптарының бұзылуы (Бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын еншілес ұйым қызметі қағидалары).	29.08.2019
"Capital Bank Kazakhstan" АҚ	26.07.2019	Қадағалап ден қою шаралары	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» N 2444 Заңның 46-бабына сәйкес	08.08.2019

			жазбаша нұсқама қолданылды	
"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	31.05.2019	Қадағалап ден қою шаралары	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» N 2444 Заңның 46-бабына сәйкес жазбаша нұсқама қолданылды	18.06.2019
"First Heartland Bank" АҚ (бұрынғы атауы - "ЭкспоКредит Банкі" АҚ)	29.04.2019	Қадағалап ден қою шаралары	Пруденциалдық нормативтердің бұзылуы: есептік ай - 2019 жылғы наурызда банктердің қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру үшін коэффициенттің күнделікті құндылықтарын бұзу	13.05.2019
«Tengri Bank» АҚ (бұрынғы атауы - «Punjab National Bank»-Қазақстан еншілес банкі) АҚ	15.04.2019	Қадағалап ден қою шаралары	«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» N 2444 Заңның 46-бабына сәйкес жазбаша нұсқама қолданылды	02.05.2019

Жоғарыдағы кестеде байқағанымыздай 2019 жылдың мамыр-қазан айлары аралығында уәкілетті ұйым өзінің құзыреттілігі шегінде еліміздегі әрекет етуші банктердің ішіндегі келесідей 5 банкке: «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстан-Зираат халықаралық банкі» ЕБ АҚ, «Capital Bank Kazakhstan» АҚ, «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ, «Tengri Bank» АҚ-ына «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 46-бабына сәйкес жазбаша нұсқама қолданылса, «AsiaCredit Bank» АҚ-на аталмыш заңнаманың 11-2-бабының талаптарының бұзылуы және №61 қағида талаптарының бұзылуына байланысты жаза түрі ретінде қадағалап ден қою шаралары іске асырылды. Сондай-ақ, «First Heartland Bank» АҚ пруденциалдық нормативтерді бұзғаны үшін уәкілетті ұйым тарапынан қадағалап ден қою шаралары іске асырылды [3].

Банк секторының тәуекелсіз дамуы микро және макроэкономикалық деңгейде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды мәнге ие.

Тәуекелге негізделген (мазмұнды) қадағалау әдістерінің ерекшелігі - қадағалаушының басты назары сандық сипаттағы ресми нормативтік талаптарға сәйкестігін тексеру емес, сапалық талаптардың сәйкестігін тәуекелдерді басқару тетіктері мен әдістеріне баса назар аударту болып табылады. Қадағалаушы банктің қызметі оған қойылатын талаптарға сай келе ме, әлде келмейді ме соны бағалайды, сонымен қатар банк қызметін басқарудағы ішкі саясат болашақта банктің тұрақтылығын қалай қамтамасыз ететінін анықтайды [4, 25-26 б.].

Елімізде банктік қадағалауға байланысты өзгеріс экономиканы әртараптандыру және ұзақ мерзімді әрі тұрақты өсу үшін қажет. Сондықтан, соңғы жылдары Ұлттық Банк банк секторында реттеу мен қадағалауға байланысты құзыреттілігін күшейтуге байланысты біраз іс-әрекеттер атқарды. Алыс шет мемлекеттерде оның ішінде Еуропалық Одақ (келесіде - ЕО) елдері өзінің қаржы секторын белсенді түрде жаңартып, банктік қадағалауға және жаңа Базель капиталы туралы келісімнің қабылдануы ЕО экономикасы үшін қадағалау реформасының маңызды болатындығын көрсетеді. Бүкіл әлемде банктік реформаның дамуы халықаралық конвергенцияға қадамның дәлелі болып табылады. Сондықтан кез-келген елдің банк секторын реформалау оның әлемдік экономикаға сәтті интеграциялануының кілті болып табылады [5, 16 б.].

Жалпы ЕДБ-дегі тәуекелге бағытталған реттеу және қадағалау барысында уәкілетті ұйым тарапынан жасақталған қағида негізінде банктерге өздерінің тәуекелдерін басқаруына немесе уақытыл әрекет етіне мүмкіншіліктер жасалынған. Яғни, ҚР-да ЕДБ-ді «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі «Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын» 2019 жылғы «12» қарашада № 188 қаулысымен бекітті. Осы Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банк) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін

қалыптастыру тәртібін белгілейді.



Сурет 1. Банктердің операцияларын орындау барысында туындауы ықтимал тәуекелдер

ЕДБ-дің операцияларын орындау барысында жоғарыдағы суретте көрсілгендей тәуекел түрлері туындап банк секторындағы ЕДБ-дің қызметіне жағымсыз әсер етіп отырады [6].

Еліміздегі кез –келген банк өз қызметін жүзеге асыру барысында жоғарыда аталып өткен тәуекелдердің салдарынан шығынға ұшырауы мүмкін болғандықтан, ЕДБ аталмыш тәуекелдерді дұрыс басқара білуі қажет және ішкі бақылау қағидаттарын басшылыққа ала отырып, келешектегі шығындарын алдын алу қазіргі таңда маңызды болып табылады.

Қалыптасқан тәжірибеге сай қадағалау органдары банк қызметінің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру мәселелерінде өз күштерін шоғырландырады; және де банк саясатының негізгі осы уақытқа дейін банктерге банк тәуекелдерін (капиталдың жеткіліктілігі) жабуға ең төменгі капиталының болу талап еді. Банк қызметінің күрделенуіне байланысты біртіндеп банк тәуекелдерін сауатты басқару және болашақта банктің өміршеңдігі үшін әлеуетті қауіптерді анықтау саласына назар аудару маңызды деңгейде болды. Осыған байланысты, банктердің өз қызметінің нәтижесінде, атап айтқанда, өздері әкелетін шығындарды жабуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін үш негізгі қорғаныс желісі бар екенін атап өтуге болады:

- басшылықтың кәсіби деңгейі және ықтимал шығындарды жабуға мүмкіндік беретін жоғары кірістілік;
- қаражатты жеткілікті резервтеу, яғни күтілетін шығындарды жабу үшін жеткілікті мөлшерде резервтер құру;
- күтпеген шығындарды жабу үшін капиталдың жеткілікті мөлшері болу қажет.

Қорғаудың осы үш негізгі желісі қадағалау органдарының, ең алдымен, банк басшылығының оның қызметін қауіпсіз және тұрақты режимде қамтамасыз ету қабілетіне мүдделі болуы тиіс екендігін көрсетеді, ал бұл қолданыстағы заңнамалық нормалар мен талаптарға жеке алынған уақыт бөлігінде таза техникалық сәйкестік шеңберінен шығады-әрине, мұндай сәйкестіктің қажеттілігін жоймай.

Мәселен Еуропалық одақ елдерінде банктерді реттеу мен қадағалау органдары банктің банкроттығы нәтижесінде туындайтын шығындардан салымшыларды қорғауды қамтамасыз етуде жанама рөл атқарады. Бұл жағдайда тікелей жауапкершілік қадағалау органының тұрақты бақылауымен және оның ұсынымдарын ескере отырып, қауіпсіз банк саясатын жүргізуді және салымшылар алдындағы өз міндеттемелерін орындауға тиіс банк басшыларына жүктеледі. Дегенмен, қадағалау органының іс-әрекеті банк жүйесінің сапасы

мен тұрақты жұмысына айтарлықтай дәрежеде әсер етуі мүмкін. Қадағалау органы, мысалы, банк менеджментіне қатысты оқыту функциясын оның банк акционерлеріне ғана емес, барлық мүдделі тараптарға қатысты жауапкершілігін түсіндіре отырып орындай алады. Атап айтқанда, қадағалау органы банк басшылығына қандай қағидаттарды басшылыққа алу керектігін және банк тәуекелдерін анықтау, өлшеу, бақылау және бақылау үшін қандай іс-қимылдар жасауды нақты түсіндіре алады. Қадағалау органы банк басшылығына осы қағидаттар мен әдістерді түсінуге және әзірлеуге көмектесуге ұмтылыс пен банк басшысының функцияларын өзіне ала отырып, басқарушы позициясына тұру қауіптілігінің арасында тепе-теңдікті бұзып алмауы керек [7].

Қорытындылай келе, банк қызметін тәуекелге бағытталған реттеу мен қадағалау арқылы еліміздің банк секторындағы әр банктің тәуекел профилін назарға ала отырып, талдап және тәуекелдерін төмендетуге байланысты іс –шаралар кешенің ұсыну арқылы тұтастай банк жүйесінің тұрақтылығына қол жеткізуге болатындығы анық. Банктердің тәуекелдерін жүйелі бағалау, банктерді және олардың аса үлкен тәуекелдері бар қызмет салаларын анықтау қажетті түзету шараларын уақтылы қабылдауға және қадағалау ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ банктердің тәуекелдерін басқарудың ішкі жүйелерін дамытуға жәрдемдесу, қадағалау органдарының банк тәуекелдерін үздіксіз мониторингілеу, ерте алдын алу жүйелерін дамыту, банктердің қызметіне араласуының деңгейін төмендету тәуекелге бағдарланған қадағалау тәсілінің артықшылықтары болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nanazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylygy-5-kazan
2. [Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ресми интернет –ресурсы. http://finreg.kz/ 2017-2019 жж. банк секторының ағымдағы ахуалы](http://finreg.kz/)
3. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ресми интернет –ресурсы. Қабылданған ықпал ету шаралары мен санкциялар бөлімі. <http://finreg.kz/?docid=3235&switch=kazakh&view=new&organization=&organizationid=&organizationtypeid=1&kindid=4&typeid=18&npatypeid=5&startdate=2017-01-01&enddate=2019-12-31>
4. Дуков С. Риск –ориентированный банковский надзор как элемент государственного регулирования. Банковский вестник 2012. Мн.: Издательский центр Национального банка; РУП "Минсктиппроект", 2012. №27, 25-26 б.
5. Микаела Олсена. Программа сотрудничества Россия – Европейский союз банковский надзор европейский опыт и российская практика. Ресей банкінің ақпараттық сайты: [http:// http://www.cbr.ru/about_br/](http://http://www.cbr.ru/about_br/) 16 б.
6. ҚР ҰБ ақпараттық сайты <https://www.nationalbank.kz/> «Екінші деңгейдегі банктерге арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын» 2019 жылғы «12» қарашада № 188 қаулысы
7. Микаела Олсена. Программа сотрудничества Россия – Европейский союз банковский надзор европейский опыт и российская практика. Ресей банкінің ақпараттық сайты: [http:// http://www.cbr.ru/about_br/](http://http://www.cbr.ru/about_br/) 22 б.